

## Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдарында қызмет өткеру туралы ережені бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 наурыздағы N 365 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.09.29. N 964 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 4 шілдедегі Заңының 13-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдарында қызмет өткеру туралы ереже бекітілсін.

2. "Салық полициясы органдарында қызмет өткеру туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 4 желтоқсандағы N 1702 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 52, 482-кұжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

2 0

н а у р ы з д а ғ ы

N

3 6 5

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Қ а з а қ с т а н**

**Р е с п у б л и к а с ы н ы ң**

**қ а р ж ы п о л и ц и я с ы о р г а н д а р ы н д а**

**қ ы з м е т ө т к е р у т у р а л ы**

**ЕРЕЖЕ**

Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдарында қызмет өткеру туралы осы ереже (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының қаржы полициясының органдары мен мекемелерінде қызмет өткерудің тәртібі мен шарттарын регламенттейді.

### **1. Жалпы ережелер**

1. Қаржы полициясы органдарындағы қызметтің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, "Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі - Заң), Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық кесімдері және

о с ы

Е р е ж е

қ ұ р а й д ы .

2. Осы Ережеде қаржы полициясы органдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдермен айқындалған ұғымдар п а й д а л а н а д ы .

3. Қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің қызметте болған уақыты олардың жалпы еңбек стажына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет стажына есептеледі.

4. Қаржы полициясы органдарындағы ішкі тәртіп орталық атқарушы органның (бұдан әрі - уәкілетті орган) басшысы бекітетін Регламентпен белгіленеді.

## **2. Қаржы полициясы органдарына қызметке қабылдау**

5. Заңнамаға сәйкес қаржы полициясы органдарына қызметке он сегіз жасқа толған, өзінің жеке, моральдық, іскерлік, кәсіби қасиеттері, білім деңгейі және денсаулық жағдайы бойынша қаржы полициясы органдарында қызмет өткеруге жарамды Қазақстан Республикасының азаматтары қабылданады.

6. Қаржы полициясы оқу орындарында оқу үшін белгіленген тәртіппен әскери есептен шығарылып және қаржы полициясы органдарында арнайы есепке қойылып, он алты жасқа толған, орта білімі бар, денсаулық жағдайы бойынша қаржы полициясы органдарында қызмет өткеруге жарамды адамдар қ а б ы л д а н а д ы .

Қаржы полициясы органдарының оқу орындарына қабылдау тәртібін Қазақстан Республикасының оқу орындарына қабылдаудың Үлгі ережесіне сәйкес уәкілетті органның басшысы айқындайды.

7. Қатардағы және кіші басшы құрамның лауазымдарына ортадан төмен емес білімі бар азаматтар қабылдануы мүмкін.

Орта және аға басшы құрамның лауазымдарына жоғары білімі бар азаматтар қ а б ы л д а н а д ы .

8. Қатардағы және басшылық құрамның лауазымдарына тағайындалған немесе қаржы полициясы оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушыларын қоса алғанда, қаржы полициясының кадрларына қабылданған әскери міндеттілер белгіленген тәртіппен әскери есептен шығарылады және қаржы полициясы органдарында арнайы есепте тұрады.

9. Қаржы полициясы органдарына қызметке кіру азаматтар міндетті арнайы тексеруден, сондай-ақ қызметке жарамдылығын анықтау үшін Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі жүйесінің әскери-дәрігерлік комиссияларында (бұдан әрі - әскери-дәрігерлік комиссия) медициналық куәландырудан өткен жағдайда жүзеге асырылады.

10. Қызметкерлерді қаржы полициясы органдарына қызметке қабылдау заңнамаға және осы Ережеге сәйкес ресімделеді. Бұйрық қаржы полициясы

қызметкеріне қол қойдырылып жарияланады.

11. Қаржы полициясы органдарына қызметке қабылданған азаматтар ант қабылдайды, оны қабылдаудың тәртібін уәкілетті органның басшысы айқындайды.

12. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне ақшалай үлесті және стипендияны төлеу заңнамада белгіленген мерзімдерде жүргізіледі.

13. Толық емес ай үшін ақшалай үлесті төлеу кезінде күнтізбелік күн үшін төлем мөлшері толық ай үшін тиесілі ақшалай үлес сомасын сол айдағы күнтізбелік күндердің санына бөлу жолымен анықталады.

Егер қызметкерге ақшалай үлес төленетін кезеңде атқаратын лауазымы бойынша лауазымдық жалақысы өзгеруіне, лауазымдық жалақысын, үстемеақыларын ұлғайту құқығы туындауына байланысты ақшалай үлесінің мөлшері өзгерсе немесе оған арнайы атақ берілсе, қызметкерге тиісті қайта есептеу жүргізіледі.

14. Қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің орын ауыстыруы, ауысуы, сондай-ақ қызметтен босатылуы кезінде қаржы-шаруашылық бөлімше оларға ақшалай үлес төлейді және төленген сомалар туралы ақша аттестатында жазба жүргізеді.

15. Бланктің нысанын, ақша аттестатын берудің тәртібі мен шарттарын уәкілетті органның басшысы бекітеді.

16. Қаржы полициясы органының қызметкері белгіленген тәртіппен нысанды және арнайы киім-кешекпен тегін қамтамасыз етіледі, оны киіп жүру ережесін уәкілетті органның басшысы белгілейді.

17. Қаржы полициясы органдарының оқу орындарының күндізгі бөліміне оқуға түсетін адамдар оқу орнында оқу мерзіміне келісім-шарт жасасады. Келісім-шартта тараптардың (оқуға түсетін адамның және уәкілетті орган басшысының) өзара міндеттемелері мен жауапкершілігі белгіленеді. Келісім-шарт қаржы полициясының оқу орнына қабылдау туралы қабылдау комиссиясының шешімінен кейін жасалады. Келісім-шарттың нысанын, оны жасасудың, ұзартудың, өзгертудің, бұзудың және тоқтатудың тәртібін уәкілетті органның басшысы айқындайды.

Қаржы полициясы органдары оқу орындарының күндізгі бөлімін бітірген түлектер бөлінуіне сәйкес қызмет өткереді.

18. Қаржы полициясы оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушыларына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымдық жалақылар (стипендиялар) төленеді.

Қаржы полициясы оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушылары: әскерге шақыру жасына толған және үлгермеушілігі, тәртіпсіздігі бойынша, сондай-ақ өз еркімен оқудан шығарылғандар, егер олар оқу орнына түскенге

дейін мерзімді әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермесе, әскери есепке қою үшін өздерінің тұрғылықты жері бойынша облыстардың қорғаныс істері жөніндегі департаменттеріне (аудандар мен қалалардың басқармалары мен бөлімдеріне) жіберіледі. Бұл жағдайда оқу орнында оқыған уақыты оларға мерзімді әскери қызметтің мерзіміне есептелмейді;

қаржы полициясының оқу орындары диплом алдындағы практикадан өту үшін қаржы полициясы органдарына жібергендер практикадан өту кезеңіне тиісті ақшалай үлесі төлене отырып, лауазымдарға тағайындалады;

қаржы полициясы органдарына лауазымға тағайындалмай тағылымдамаға жіберілгендер оқу орны төлейтін лауазымдық жалақы (стипендия) алады.

19. Ізденушінің (тыңдаушының, адъюнкттің, докторанттың) ғылыми-зерттеу қызметінің ғылыми жетекшісінің (консультантының) жұмысына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақы төленеді.

20. Қаржы полициясы жоғары оқу орындарының түлектеріне бөлінген орнына автомобиль (таксиден басқа) және темір жол көлігімен бару жолының құны төленеді.

### **3. Қызметтік куәліктерді және жетондарды тапсыру тәртібі**

21. Қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің қызметтік куәлігі (бұдан әрі - куәлік) олардың берілген атақта қаржы полициясы органдарының қызметінде және кадрларында болуын және белгіленген тәртіппен атыс қаруын сақтау мен алып жүруге рұқсат етілгенін растайтын ресми құжат болып т а б ы л а д ы .

22. Куәлік тұлғаларға қызметке тағайындалған, қызметі ауысқан, арнайы атақ берілген кезде және бұрын берілген куәліктің қолданылу мерзімі аяқталған кезде беріледі. Жетон қызметкерлерге оларға арнайы атақ берілгеннен кейін лауазымға тағайындалған кезде беріледі.

Қызметке алғашқы рет қабылданған қызметкерге куәлік, жетон тапсырған кезде кадр бөлімшесінің басшысы құжатты пайдалану ережесі және оны сақтау тәртібі туралы нұсқама өткізеді.

Бұдан кейін қызмет бабымен ауысқан, кезекті атақ берілген және қолданыс мерзімі өткен кезде бұрын берілген куәлік алынған жеріне қайтарылады.

Бұдан кейін қызмет бабымен ауысқан кезде жетон алынған жеріне қайтарылады.

### **4. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлерін қызметке тағайындау және ауыстыру**

23. Кіші, орта және аға басшы құрам лауазымдарының тізбелерін және осы лауазымдарға сәйкес келетін арнайы атақтарды уәкілетті органның басшысы б е к і т е д і .

24. Қаржы полициясы органы басшысының тиісті лауазымға тағайындау туралы бұйрығы қызметкерге ақшалай үлес төлеу үшін негіз болып табылады.

Қаржы полициясы органдары оқу орны басшысының жасасқан келісім-шарт негізінде оқуға қабылдау туралы бұйрығы лауазымдық жалақы немесе стипендия төлеу үшін негіз болып табылады.

Қызметкерлерге ақшалай үлесті және басқа да төлем түрлерін төлеу қызмет атқаруға кіріскен күннен бастап, бірақ бұйрықта көрсетілген күннен бұрын емес немесе егер лауазымға тағайындау күні көрсетілмесе, тағайындау туралы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап жүргізіледі.

25. Қаржы полициясы органдары мен мекемелері басшыларының қызметке қабылдау, лауазымдарға тағайындау және босату, қаржы полициясы органдарынан қызметтен босату жөніндегі өкілеттіктерін уәкілетті органның басшысы айқындайды.

26. Лауазымға тағайындауды, қызмет бойынша ауыстыруды және жоғарылатуды қаржы полициясы органдары мен мекемелерінің басшылары өздеріне берілген құқықтарға сәйкес жүргізеді. Бұл ретте мынадай шарттар сақталды:

1) қатардағы және басшылық құрам адамдарын лауазымға тағайындау және қызмет бойынша ауыстыру кезінде оларды негізгі немесе ұқсас мамандығы бойынша, не жинақталған тәжірибесіне сәйкес пайдалану қамтамасыз етілуі тиіс;

2) қаржы полициясы органдарының қызметкерлерін қызмет бойынша ауыстыру, әдетте, оларды тиісті қаржы полициясы органы кадрларының резервіне алмай-ақ жүзеге асырылуы тиіс;

3) орта, аға және жоғары басшы құрамның адамдарын басқа лауазымдарға, сондай-ақ басқа жерге шұғыл ауыстыру қажет болған кезде, бұл туралы шешімді осы адамдардың даярлығы мен қызмет тәжірибесін ескере отырып, олардың келісімімен тиісті тікелей бастықтары қабылдайды;

4) қатардағы және басшы құрам адамдарын лауазымдарға тағайындау, қызмет бойынша ауыстыру әскери-дәрігерлік комиссияның медициналық куәландыруы нәтижелерін ескере отырып жүргізіледі.

27. Қатардағы және басшы құрам адамдарын қызмет бойынша ауыстыру:

1) жоғары тұрған лауазымдарға - қызмет бойынша жоғарылату тәртібімен;

2) тең дәрежелі лауазымдарға - басқа лауазымдарды қоса атқару қажет болған кезде не оларды іскерлік және жеке қасиеттерін ескере отырып, неғұрлым орынды пайдалану, жаңа мамандық бойынша даярлау үшін, сондай-ақ отбасы жағдайы немесе денсаулық жағдайы бойынша осы адамдардың келісімімен;

3) қаржы полициясы оқу орындарының күндізгі оқу бөліміне оқуға түсуіне байланысты - атқаратын штаттық лауазымынан босата отырып, сондай-ақ оқуын

бітіргеннен кейін лауазымға тағайындалған кезде;

4) төмен тұрған лауазымдарға:

штат қысқарған кезде немесе қаржы полициясы органын және/немесе мекемесін қайта ұйымдастыру кезінде - осы адамдарды тең дәрежелі лауазымға ауыстыру мүмкін болмаған жағдайда және олардың келісімімен;

денсаулық жағдайы бойынша - әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы (қаулысы) негізінде және олардың келісімімен;

аттестаттаудың қорытындылары бойынша анықталған қызметіне сәйкес к е л м е у і б о й ы н ш а ;

тәртіптік жаза қолдану ретінде;

жеке өтініші бойынша жүргізіледі.

28. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлерін ауыстыру барлық жағдайларда тиісті қаржы полициясы органы бастығының бұйрығымен ауыстыру негізі көрсетіле отырып ресімделеді.

29. Қаржы полициясы органының немесе мекемесінің қызметкерін денсаулық жағдайы бойынша, оның ішінде қызмет өткеру кезеңінде алған жарақаты, денесінің зақымдануы, ауруы салдарынан лауазымынан төмендеткен жағдайда, төмендетілгеннің алдындағы соңғы лауазымы бойынша тең немесе одан жоғары ақшалай үлесті бос тұрған лауазымға тағайындағанға дейінгі мерзімге төмендетілгеннің алдындағы лауазым бойынша ақшалай үлес төлеу жүргізіледі.

30. Ұйымдастыру-штаттық іс-шараларды (қысқарту, қайта ұйымдастыру, көшіру, тарату) жүргізу кезінде қаржы полициясы органдары мен мекемелерінің қызметкерлерін ауыстыру осы Ережеге сәйкес жүргізіледі.

31. Бос тұрған лауазым бойынша міндеттерді уақытша атқарудың үздіксіз мерзімі екі айдан, ал бос емес лауазым бойынша, әдетте, төрт айдан аспауы тиіс.

32. Лауазым бойынша міндеттерді уақытша атқарудың үздіксіз мерзімі лауазымды атқаруға кіріскен күннен бастап, бірақ бұйрықта айтылған күннен ерте емес, ал көрсетілген күні жоқ болса, бұйрыққа қол қойылған күннен ерте емес, міндеттерін атқарудан босатылған күн қоса алынып есептеледі.

Лауазым бойынша міндеттерді атқарушы деп тағайындау қаржы полициясының органдары мен мекемелерінің қызметкерлерді лауазымдарға тағайындау және оларды ауыстыру құқығы берілген басшыларының бұйрығымен р е с і м д е л е д і .

33. Басшылардың бос емес лауазымдары бойынша міндеттерді уақытша атқару үшін ақы төлеу, егер осы лауазымды тұрақты атқаратын адам, сондай-ақ оның штаттық орынбасарлары немесе көмекшілері (олардың қызметтік міндеттеріне қарамастан) қаржы полициясы органынан басқа жерге кеткен (емделуге, демалысқа, қызметтік іссапарға, оқуға және т.б.) жағдайда ғана жү р г і з і л е д і .

Лауазымдарды уақытша атқаруға тағайындалған қызметкерлердің демалыста, уақытша атқаратын лауазымы бойынша міндеттерді атқарумен байланысты емес қызметтік іссапарда, оқуда, емдеу мекемелерінде емделуде болған уақыты үшін лауазымдық жалақылары олар тағайындаған лауазымдары бойынша төленеді.

34. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлері қаржы полициясы органы кадрларының резервіне 15 күннен аспайтын мерзімге қойыла алады.

Айрықша мән-жайлардан туындаған ерекше жағдайларда қаржы полициясы уәкілетті органы басшысының рұқсатымен резервте 15 күннен артық, бірақ екі айдан аспай болуға жол беріледі.

Қаржы полициясы органының кадрлар резервінде тұрған қызметкерлерді қызметте пайдалану тәртібін қаржы полициясы органдарының басшылары айқындайды.

35. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне тиісті қаржы полициясы органдары кадрларының резервінде болған уақыты үшін штаттық лауазымынан босатылған күнінен бастап ақшалай үлесі соңғы негізгі лауазымы бойынша лауазымдық жалақысы мен арнайы атағы үшін қосымша ақысы мөлшерінде төленеді. Олар, сондай-ақ егер олар кадрларға резервке қабылданғанға дейін тұрғын үйін ұстауға және коммуналдық қызметтерге ақшалай өтемақы алған жағдайда, осындай өтемақы алуға да құқығы бар.

36. Кадрлар резервінде болған мерзімге:

1) қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің осы Ережеде белгіленген демалыстарда емдеу мекемелерінде емделуде болған (әскери-дәрігерлік комиссияның жолдамасы бойынша) кезеңі;

2) бұрынғы қызмет орнынан тиісті қаржы полициясы органы орналасқан жерге дейінгі жолда болған уақыты;

3) ақтайтын негіздер бойынша немесе ақтау үкімі шығарылып, қылмыстық іс қысқартылған жағдайда қылмыстық жауапкершілікке тартылуына байланысты қамауға алынған күннен бастап босатылған күнді қоса алғанда қамауда болған уақыты есептелмейді.

37. Атқаратын лауазымдарынан босатылған және кадрлар резервінде тұрған, кезекті жыл сайынғы демалысын пайдаланбаған қызметкерлерге, оларды қызметте одан әрі болуы туралы мәселені шешу кешіктірілген жағдайда, пайдаланбаған демалысы берілуі мүмкін.

38. Қаржы полициясы органдарына алғашқы рет қызметке алынатын тұлғалар үшін 3 айдан аспайтын сынақ мерзімі белгіленуі мүмкін. Бұл жағдайда кандидат оған қатардағы және кіші басшы құрамның арнайы атағы беріле отырып, тиісті лауазымға тағайындалады және кандидатқа тәжірибелі қызметкерлердің ішінен тәлімгер бекітіледі.

39. Сынақ мерзімі уақытында кандидат атқаратын лауазымына сәйкес қаржы

полициясы органы қызметкерінің міндеттерін атқарады және құқықтарын пайдаланады. Сынақ мерзімі қаржы полициясы органдары қызметкерлеріне лауазымдық жалақысына коэффициент белгілеуге және зейнетақы тағайындауға құқық беретін қаржы полициясы органдарындағы қызмет стажына есептеледі.

40. Аға және жоғары басшы құрамның басқарушы лауазымдарына тағайындалатын тұлғаларға, қаржы полициясы органдарына қызметке алынатын қаржы полициясы оқу орындарының түлектеріне сынақ мерзімі белгіленбейді.

41. Қаржы полициясы органдарына алғашқы рет алынатын азаматтар б а с т а п қ ы д а я р л ы қ т а н ө т е д і .

Қаржы полициясы органы, оның ішінде қаржы полициясының оқу орны, бастапқы даярлықты, біліктілікті арттыруды және қайта даярлауды жүзеге а с ы р а д ы .

Бастапқы даярлықтан өтудің, біліктілікті арттырудың және қайта даярлаудың тәртібі мен шарттарын уәкілетті органның басшысы бекітеді.

42. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне қайта даярлау, біліктілікті арттыру курстарында оқыған кезеңінде ақшалай үлесі сақталады.

43. Өзіне қатысты қылмыстық іс қозғалған және күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылмаған қаржы полициясы органдарының қызметкері, сот осы қылмыстық іс бойынша шешім қабылдағанға дейін қылмыстық-іс-жүргізу заңнамасында белгіленген тәртіппен тергеу жүргізу кезеңіне қызметтік міндеттерін атқарудан шеттеледі. Қызметінен шеттетілген уақытта, оған ақшалай үлесі толық мөлшерде төленеді.

Белгіленген тәртіппен өздеріне қатысты бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау қабылданған қызметкерлерге ақшалай үлесті төлеу қамауға алынған күннен бастап тоқтатылады. Сот қолданған жаза түріне қарамастан, қамауда болған уақыт үшін ақшалай үлес төленбейді.

Ақтау үкімін шығарған, ақтайтын негіздер бойынша қылмыстық іс тоқтатылған жағдайда қызметкерлерге қызметте болмауға мәжбүр болған уақыты үшін ақшалай үлес қолданыстағы заңнамаға сәйкес өтеледі.

44. Қылмыс үшін сотталуына байланысты қаржы полициясы органдарынан шығарылған, содан кейін ақталған және тиісінше лауазымы мен арнайы атағында ақталған және қызметке қайта алынған қызметкерлерге қызметте болмауға мәжбүр болған уақыты үшін ақшалай үлесі қолданыстағы заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н ө т е л е д і .

45. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлері Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіппен қаржы полициясы органдарының кадрларында қалдырыла отырып, мемлекеттік органдарға іссапарға жіберілуі мүмкін.

46. Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары болып сайланған қатардағы және басшы құрамдағы тұлғалар қаржы полициясы органдарындағы



қызметтен босатылады. Олар өздерінің депутаттық өкілеттік мерзімдері аяқталғаннан кейін, белгіленген тәртіппен қаржы полициясы органдарына қызметке қайта қабылдануы мүмкін.

47. Қатардағы және басшы құрамдағы тұлғаларды аттестаттау олардың атқаратын лауазымына сай келуі мен қызметтік өсуін анықтау, олардың кәсіби даярлығы деңгейін, құқықтық мәдениетін, адамдармен жұмыс істеу қабілетін бағалау, қызметкерлер жұмысының тиімділігін арттыру, қаржы полициясы органдарының кадрларын іріктеу, орналастыру мен тәрбиелеуді жақсарту, олардың біліктілігін, бастамашылдығын, шығармашылық белсенділігі мен тапсырылған іске жауапкершілігін ынталандыру мақсатында жүргізіледі.

48. Аттестаттау барысындағы негізгі өлшем қызметкерлердің өздеріне жүктелген міндеттерді атқару қабілеттілігі болып табылады.

49. Қызметкерлерді аттестаттау қаржы полициясы органдарында қызметте болған әрбір үш жыл өткен сайын (бірақ аталған мерзімнен алты айдан кешіктірмей), сондай-ақ, қаржы полициясы органдарынан қызметіне сәйкес еместігі бойынша шығарылғанда өткізіледі. Аттестаттау лауазымды атқара бастаған күннен бастап алты ай өткеннен кейін өткізіледі.

50. Оқу орындарының тыңдаушылары мен курсанттары, қаржы полициясы органдарында 1 жылдан кем қызмет атқарған қызметкерлер, оқуға жіберілген және қызметтік тергеу материалдарын қарау жағдайларынан басқа жағдайда, сондай-ақ қатардағы және басшы құрамдағы тұлғалар ішінен олар жүкті болған және 1,5 жасқа дейінгі бала бағу кезінде аттестаттаудан өтпейді. Олар жұмысқа шыққаннан кейін бір жыл өткеннен кейін ғана аттестатталады.

51. Аттестаттау комиссиясын кадр бөлімшесінің ұсынысы бойынша қаржы полициясы органының немесе мекемесінің басшысы құрады және комиссияның төрағасынан, мүшелері мен хатшысынан тұрады.

52. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлерін аттестаттауды өткізу үшін аттестаттау комиссиясын құру ережесін және аттестаттау (кезектен тыс аттестаттау) өткізу тәртібін уәкілетті органның басшысы бекітеді.

53. Аттестаттау комиссиясы аттестаттауды аттестаттаудан өтетін қызметкердің қатысуымен өткізеді.

Аттестаттау комиссиясының мәжілісіне дәлелді себептермен (демалыс, ауру, іссапар) қатыспаған қызметкерлер аттестаттаудан-қызметке шыққаннан кейін ө т е д і .

54. Қызметкер аттестаттау комиссияның мәжілісіне дәлелсіз себептермен келмеген жағдайда комиссия ол болмаған кезде қолда бар материалдардың негізінде аттестаттау өткізу жөнінде шешім қабылдауға құқылы.

55. Аттестаттау комиссиясы ұсынылған материалдарды зерттеп және/немесе қызметкермен әңгімелесу өткізіп, мына шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) атқарып отырған лауазымына сай;
- 2) қайта аттестаттауға тиіс;
- 3) атқарып отырған лауазымына сай емес.

56. Ереженің 57-тармағына сәйкес шешім қабылдау үшін аттестаттау комиссиясы тестілеу, сауалнама жүргізу және топтық пікірталас өткізу, дене шынықтыру бойынша белгіленген нормативтер тапсыру әдістерін қолдана алады.

57. Аттестаттау комиссиясының шешімі ашық немесе жасырын дауыспен қабылданады. Дауыс беру тәсілі аттестаттау комиссиясының қалауымен таңданып алынады. Аттестаттау комиссиясының құрамына кіретін аттестаттаудан өтуші қызметкер өзіне байланысты дауыс беруге қатыспайды.

58. Қайта аттестаттау алдыңғы аттестаттау өткізілген сәттен бастап алты ай өткеннен кейін өткізіледі. Қайта аттестаттау нәтижелері бойынша аттестаттау комиссиясы мына шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) атқарып отырған лауазымына сай;
- 2) атқарып отырған лауазымына сай емес.

Қайта аттестаттау нәтижесі бойынша атқарып отырған лауазымына сай болмаған қызметкер қаржы полициясы органдарынан шығарылуға тиіс.

59. Аттестаттау комиссиясының шешімі оның мәжілісіне қатысқан аттестаттау комиссиясының төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қойған хаттама мен ресімделеді.

60. Қызметкер аттестаттау комиссиясының шешімімен қол қойып не хабарлама бар тапсырысты хатпен почтамен танысуы тиіс. Қол қоюдан бас тартқан жағдайда комиссия хатшысы хаттамаға тиісті жазба жазады.

61. Аттестаттау комиссиясының шешімін тиісті қаржы полициясы органының немесе мекемесінің басшысы бір ай мерзімінде бекітеді.

62. Аттестаттау комиссияның бекітілген шешімі қызметкердің аттестаттау парағына жазылады.

63. Аттестаттаудан өткен қызметкердің аттестаттау парағы және оған берілген қызметтік мінездеме жеке ісінде сақталады. Тиісті қаржы полициясы органының немесе мекемесінің басшысы бекіткен аттестаттау комиссиясының шешімі де қызметкердің қызметтік тізіміне жазылады.

64. Тиісті қаржы полициясы органының немесе мекемесінің басшысы аттестаттау комиссиясының шешімін бекітпеуге және қайта аттестаттау тағайындауға құқылы, оның шешімі түпкілікті болады. Қайта аттестаттау Ереженің осы бөліміне сәйкес өткізіледі.

65. Қызметкер тиісті қаржы полициясы органы немесе мекемесі басшысының аттестаттау комиссияның шешімін бекіту туралы бұйрығына уәкілетті органға немесе сотқа шағым беруге құқығы бар.

66. Осы Ереже нормалары мен аттестаттау жүргізу тәртібінің бұзылуы анықталған жағдайда уәкілетті орган тиісті қаржы полициясы органы немесе мекемесі басшысы бұйрығының күшін жояды.

67. Қаржы полициясы органдарына алғашқы рет немесе мемлекеттік қызмет стажының үзілісімен қабылданған қызметкерлер 49, 50-тармақтарда белгіленген мерзімдерде, қаржы полициясы органдарында үш жыл үзіліссіз қызмет атқарғаннан кейін аттестаттаудан өтеді. Бұл ретте, мемлекеттік қызметші босатылған күннен бастап оны қаржы полициясы органдарына тағайындағанға дейін өткен уақыт үш айдан аспаса, көрсетілген кезең ішінде оның өзге заңды (мемлекеттік органдарды есептемегенде) және жеке тұлғалармен еңбек қатынасы болмаған кезде, қаржы полициясы органдарында болуы үзіліссіз деп саналады.

#### **5. Қаржы полициясы органдарының кіші, орта және аға басшы құрамына арнайы атақтар беру (атақтардан айыру) тәртібі**

68. Қатардағы және басшы құрамдағы лауазымға тағайындалған, сондай-ақ қаржы полициясы оқу орындары күндізгі бөлімдерінің тыңдаушыларына қабылданған Қазақстан Республикасының азаматтарына заңнамаларға сәйкес:

- 1) қатардағы құрам:  
қаржы полициясының қатардағы қызметкері;
- 2) кіші басшы құрам:  
қаржы полициясының кіші сержанты;  
қаржы полициясының сержанты;  
қаржы полициясының аға сержанты;  
қаржы полициясының старшинасы;
- 3) орта басшы құрам:  
қаржы полициясының кіші лейтенанты;  
қаржы полициясының лейтенанты;  
қаржы полициясының аға лейтенанты;  
қаржы полициясының капитаны;
- 4) аға басшы құрам:  
қаржы полициясының майоры;  
қаржы полициясының подполковнигі;  
қаржы полициясының полковнигі;
- 5) жоғары басшы құрам:

қаржы полициясының генерал-майоры арнайы атағы беріледі.

69. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне арнайы атақтар олардың біліктілігін, білімін, қызметке қатынасын, еңбек сіңірген жылдарын және атқарып жүрген штаттық лауазымын, сондай-ақ осы Ережеде көзделген басқа да талаптарды ескере отырып, кезекпен дербес беріледі.

70. Берілу кезектілігіне қарай арнайы атақтар алғашқы және кезекті деп

б ө л і н е д і .

Басшылық құрамның кезекті арнайы атағын қаржы полициясы уәкілетті органының басшысы қызметте жоғары нәтижелерге қол жеткізгені және қызметтік міндеттерін үлгілі орындағаны үшін көтермелеу ретінде бұған дейінгі атақта еңбек сіңірудің белгіленген мерзімі аяқталғанға дейін мерзімінен бұрын немесе атқарып отырған штаттық лауазымы бойынша көзделген арнайы атақтан бір саты жоғарылатып беруі мүмкін.

71. Кіші, орта, аға басшы құрамның алғашқы арнайы атақтарын, уәкілетті органның басшысы береді.

72. Орта және аға басшы құрамның кезекті арнайы атақтарын алдыңғы атақтағы белгіленген еңбек сіңірген мерзімі аяқталғаннан кейін қаржы полициясы уәкілетті органының басшысы, ал кіші басшы құрамға - уәкілетті орган басшысының уәкілетті орынбасары береді.

73. Аға және жоғары басшы құрамның басқарушы лауазымына қабылданған азаматқа, әдетте, егер оның қапас бойынша неғұрлым жоғары әскери атағы болмаса, қаржы полициясы подполковнигінен жоғары емес алғашқы арнайы атағы берілуі мүмкін.

74. Кіші, орта және аға басшылық құрамның кезекті арнайы атақтары осы Ережеде көзделген жағдайларды қоспағанда, кезекті атақ атқарып келген штаттық лауазымы бойынша көзделген атаққа сәйкес келген жағдайда және алдыңғы атақта белгіленген еңбек сіңіру мерзімі аяқталуына қарай кезекті тәртіппен беріледі.

75. Басшы құрамның арнайы атақтарында еңбек сіңіру жылдарының мынадай мерзімдері белгіленеді:

- қаржы полициясының кіші сержанты атағында -1 жыл;
- қаржы полициясының сержанты атағында -2 жыл;
- қаржы полициясының аға сержанты атағында -3 жыл;
- қаржы полициясының кіші лейтенанты атағында -1 жыл;
- қаржы полициясының лейтенанты атағында -2 жыл;
- қаржы полициясының аға лейтенанты атағында -3 жыл;
- қаржы полициясының капитаны атағында -3 жыл;
- қаржы полициясының майоры атағында -4 жыл;
- қаржы полициясының подполковнигі атағында - 5 жыл.

76. Қаржы полициясының қатардағы қызметкері, старшинасы және полковнигі атақтарында, сондай-ақ жоғары басшы құрамның атақтарында еңбек сіңіру мерзімдері белгіленбейді.

77. "Қаржы полициясының лейтенанты" алғашқы арнайы атағы жоғары оқу орнын бітірген бойда берілген және қаржы полициясында оқу орнында алған немесе тектес мамандық бойынша қызмет атқарып жатқан қаржы полициясы

органдарының қызметкерлері үшін қаржы полициясының лейтенанты атағында еңбек сіңіру мерзімі бір жыл болып белгіленеді.

78. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің запасында тұрған азаматқа ол қаржы полициясы органдарындағы басшы құрамның лауазымына тағайындалғаннан кейін оның әскери атағынан төмен емес арнайы атақ беріледі.

79. Арнайы атақ атқарып отырған штаттық лауазымы бойынша көзделген атақ шегінде мерзімінен бұрын беріледі, ал ғылыми дәрежесі немесе ғылыми атағы және оқу орнында штаттық лауазымы бар қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне арнайы атақтағы еңбек сіңірудің белгіленген мерзімі өткеннен кейін лауазымы бойынша көзделген арнайы атақтан бір саты жоғары атақ берілуі мүмкін.

80. Арнайы атақтар мерзімінен бұрын алдыңғы арнайы атақта еңбек сіңіру жылдарының белгіленген мерзімінің кемінде жартысы өткеннен кейін және берілетін арнайы атақ атқаратын штаттық лауазымында көзделген атаққа сәйкес болған жағдайда беріледі.

81. Атқаратын штаттық лауазымы бойынша көзделген арнайы атақтан бір саты жоғары кезекті арнайы атақ алдыңғы арнайы атақта еңбек сіңіру жылдары мерзімдерінің кемінде бір жарым мерзімі өткеннен кейін беріледі. Бұл ретте арнайы атақтар мерзімінен бұрын және атқаратын штаттық лауазымы бойынша көзделгеннен бір саты жоғары атақ берілуі, әдетте қаржы полициясында қызмет өткерген барлық кезеңінде әрбір негіз бойынша бір реттен артық емес жүргізіледі.

82. Арнайы атақтағы еңбек сіңіру мерзімі осы атақ берілгені туралы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап есептеледі.

83. Қаржы полициясы органдарының орта басшы құрам лауазымдарына тағайындалған кіші басшы құрамның атағы бар қызметкерлері сол атақтағы еңбек сіңіру мерзіміне қарамастан, орта басшы құрамның бірінші арнайы атағына ұсынылады.

84. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне кезекті арнайы атақтар тиісінше кадрлар резервінде болған кезде лауазымға тағайындалғанға дейін, алынбаған тәртіптік жазасы болған кезде, ақтайтын негіздер бойынша қылмыстық іс тоқтатылғанға дейін, қызметтік тергеу аяқталғанға дейін (бірақ бір айдан аспай) берілмейді.

85. Қарамағындағы қызметкерге кезекті арнайы атақ берілуін негізсіз кешіктірген қаржы полициясы органының немесе мекемесінің басшысы тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

86. Арнайы атақтың бір сатысына төмендетуді: кіші басшы құрамының атақтары барларға - қаржы полициясы уәкілетті органы басшысының уәкілетті орынбасары;

орта және аға басшы құрамының атақтары барларға - қаржы полициясы уәкілетті органның басшысы қаржы полициясы органдары қызметкерлерін тәртіптік жазалау ретінде жүргізеді.

Бұл жағдайда арнайы атақтағы еңбек сіңіру мерзімі арнайы атақты бір сатысына төмендету туралы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап есептеледі.

87. Қаржы полициясы органдарының арнайы атағы төмендетілген кіші, орта және аға басшы құрамдағы қызметкерлерінің бұрынғы арнайы атағы төмендетілген күннен бір жыл өткеннен кейін атқарып отырған штаттық лауазымына қарамастан, қаржы полициясы уәкілетті органы басшысының бұйрықтарымен қайта қалпына келтіріледі.

88. Қаржы полициясы органдарының қызметкеріне бұрынғы арнайы атағы қайта қалпына келтіргенге және оған кезекті арнайы атақ берілгенге дейін арнайы атақтан қайта төмендету жүргізілмейді.

89. Қызметкерлерге қатысты арнайы атақтарынан айыру туралы заңды күшіне енген соттың айыптау үкімін орындауды:

кіші басшы құрамға қатысты - кіші басшы құрамның арнайы атағын беру құқығы берілген бастықтар жүзеге асырады;

орта және аға басшы құрамға қатысты - уәкілетті органның басшысы жүзеге асырады ;

жоғары басшы құрамға қатысты - қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

## **6. Қызметтік тәртіп**

90. Қаржы полициясындағы қызметтік тәртіп қызметкерлердің Қазақстан Республикасының заңнамасында, қаржы полициясының органдары мен мекемелері, оқу орындары басшыларының бұйрықтарымен және осы Ережемен белгіленген нормалар мен ережелерді сақтауын білдіреді.

91. Бастық өз қарамағындағылар арасындағы қызметтік тәртіптің жағдайы үшін жауап береді. Бастық оларға жоғары талап қоюмен қатар:

1) қарамағындағылардың еңбегі, демалысы және біліктілігін арттыруы үшін қажетті жағдайлар жасайды ;

2) қарамағындағылардың қызметтік міндеттерін орындау үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелейді ;

3) қарамағындағылардың қызметтік әрекетін бағалауда жариялылық пен объективтілікті қамтамасыз етеді ;

4) қарамағындағылардың ар-ожданы мен қадір-қасиетін құрметтейді ;

5) жеке құрам арасында сыбайлас жемқорлықтың туындауына, жеке сипаттағы себептер бойынша немесе қаржы полициясының органдарының қызметіндегі кемшіліктерді сынағаны үшін қарамағындағы қызметкерлерді қудалауға жол бермейді .

92. Міндеттерін үлгілі орындағаны және қызметінде жоғары нәтижелерге қол жеткізгені үшін қаржы полициясының қызметкерлеріне және оқу орындарының тыңдаушыларына көтермелеудің мынадай түрлері көзделеді:

- 1) алғыс жариялау;
- 2) ақшалай сыйлық беру;
- 3) бағалы сыйлықпен марапаттау;
- 4) толық жазылған ту жанында түсірілген жеке фотосуретімен марапаттау;
- 5) Құрмет Тақтасына енгізу;
- 6) грамотамен марапаттау;
- 7) Құрмет грамотасымен марапаттау;
- 8) кезекті арнайы атақты мерзімінен бұрын беру;
- 9) атқаратын штаттық лауазымы бойынша көзделген атақтан бір саты жоғарғы арнайы атақ беру;
- 10) қаржы полициясы органдарының кеудеге тағатын белгісімен марапаттау;
- 11) Құрмет Кітабына енгізу.

Қаржы полициясы органдары грамоталарының және кеудеге тағатын белгілерінің сипаттамасы мен оларды беру тәртібін уәкілетті органның басшысы а й қ ы н д а й д ы .

93. Қызметтік борышын орындау кезінде көрсеткен ерлігі мен батылдығы, мемлекет алдындағы айрықша сіңірген еңбегі үшін қаржы полициясының қызметкерлері белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларына ұсынылуы мүмкін.

94. Қаржы полициясы органдары мен мекемелеріндегі тәртіптік жазалар тәртіптік жауапкершілік шарасы болып табылады. Тәртіптік жазалау жасалған ағаттықтың ауырлығын, ол жасалған кездегі мән-жайларды, сондай-ақ қаржы полициясы органы қызметкерінің оған дейінгі мінез-құлқы мен қызметіне деген қатынасы ескеріле отырып қолданады.

95. Қызметтік міндеттерді тиесілі орындамағаны үшін қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне мынадай жаза түрлері қолданылады:

- 1) ескерту;
- 2) сөгіс;
- 3) қатаң сөгіс;
- 4) толық емес қызметтік сәйкестігі туралы ескерту;
- 5) лауазымынан төмендету;
- 6) арнайы атағын бір саты төмендету;
- 7) қаржы полициясы органдарынан шығару.

96. Көтермелеу мен тәртіптік жазаларды қаржы полициясы органдары мен мекемелерінің басшылары өз құзыреті шегінде қолданады.

97. Көтермелеулер мен тәртіптік жазалар бұйрықтармен жарияланады.

Қабылданған шешім туралы жазаланған тұлғаны қаржы полициясы органдары мен мекемелерінің, оқу орындарының кадр бөлімшелері үш күн мерзімде (қол қойғызып) хабардар етеді.

98. Тәртіптік жаза тәртіп бұзу жасалған күннен бастап бір айдан кешіктірмей қолданылады.

Қызметтік тергеу жүргізілген, сотта қаралған қылмыстық іс немесе әкімшілік құқық бұзу туралы іс қозғалған жағдайда - айыпкердің ауыруы бойынша жұмыста болмаған немесе демалыста, іссапарда болған күндерін есептемегенде, тиісінше, тергеу аяқталған, қылмыстық іс бойынша немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу шешімдері қабылданған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей қолданылады.

99. Қызметкер еңбекке уақытша жарамсыз, демалыста немесе іссапарда болған кезеңде, сондай-ақ егер ағаттық жасалған күннен бері алты айдан астам уақыт өткен болған жағдайда оған тәртіптік жаза қолданылуы мүмкін емес.

Уақытша еңбекке жарамсыздық кезеңі, демалыста, іссапарда болуы, егер жасалған ағаттық туралы осы кезеңде немесе ол басталғанға дейін белгілі болған болса, жаза қолданудың бір айлық мерзімін қолдануды тоқтата тұрады.

100. Жаза қолданылғанға дейін жауапқа тартылатын қаржы полициясы органдарының қызметкерінен жазбаша түсініктеме талап етілуі тиіс. Бұзушылық фактілері бойынша қызметтік тергеу жүргізіледі. Ағаттық жасаған адамның түсініктеме беруден бас тартуы жаза қолдану үшін кедергі бола алмайды.

Өзіне қатысты қызметтік тергеу жүргізіліп жатқан қызметкерді қаржы полициясы органдары мен мекемелерінің басшылары жауапкершілігі туралы мәселе шешілгенге дейін, бірақ он төрт күннен аспайтын мерзімге лауазымдық міндеттерін атқарудан уақытша шеттетуі мүмкін.

101. Қызметтік тәртіптің бұзылуының әрбір жағдайы үшін бір ғана тәртіптік жаза қолданылуы мүмкін.

102. Қаржы полициясы органдарының қызметкеріне қолданылған тәртіптік жазалардың мерзімі оның қолданылған күнінен бастап алты айдан аспауы тиіс. Егер осы мерзім ішінде қызметкер жаңа тәртіптік жазаға ұшырамаса, онда оның тәртіптік жазасы алынған болып саналады.

Қаржы полициясы органдарының қызметкерлерін көтермелеу ретінде тәртіптік жазаны мерзімнен бұрын алып тастау қолданылуы мүмкін.

103. Арнайы атағын төмендету түріндегі тәртіптік жаза қолданылған жағдайда бұрынғы атағы бір жыл өткеннен кейін осы Ережемен белгіленген тәртіппен қалпына келтірілуі мүмкін.

104. Егер қаржы полициясы органдарының қызметкеріне, оның құқықтарының шегінен шығатын көтермелеу немесе жазалау шараларын қолдану қажет болса, онда бастық бұл туралы жоғары тұрған басшыдан өтініш жасайды.



105. Жоғары тұрған басшы, егер бұрын жарияланған жаза жасалған ағаттықтың ауырлығына сәйкес келмесе төмен тұрған бастық қолданған тәртіптік жазаны алып тастауға құқылы.

106. Өзіне берілген көтермелеу және тәртіптік жазалар қолдану жөніндегі құқықтарын асыра пайдаланған бастық бұл үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылады, ал көтермелеулер мен жазалар туралы бұйрықтың күшін қаржы полициясы уәкілетті органының басшысы жояды.

107. Қаржы полициясы органдарының қызметкері өзіне қолданылған тәртіптік жазаға жоғары тұрған органға не сотқа шағым жасай алады.

## **7. Қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің демалыстары мен әлеуметтік кепілдіктері**

108. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлері мен оқу орындарының тыңдаушылары үшін демалыстардың мынадай:

- 1) жыл сайынғы;
- 2) оқумен байланысты демалыс (оқу орындарының курсанттарының тыңдаушыларына, сырттай оқитын қызметкерлерге);
- 3) қосымша (еңбек сіңірген жылдары үшін);
- 4) жүкті болуына және босануына байланысты, баланы асырап алған әйелдерге (еркектерге);
- 5) шығармашылық;
- б) заңнамада көзделген басқа да демалыс түрлері белгіленеді.

109. Заңнамада жұмыс емес күндері болып белгіленген жалпы мемлекеттік мереке күндері демалыс ұзақтығын айқындау кезінде есепке алынбайды.

110. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне жыл сайынғы демалыстар берілген кезде қызметкердің Қазақстан Республикасы шегінде демалыс өткізетін жеріне бару және кері қайту жолына арналған белгіленген демалыс ұзақтығының үстіне қосымша уақыт беріледі.

111. Өзге жоғары оқу орындарының сырттай (кешкі) оқу бөлімдерінде оқитын қызметкерлерге, еңбекақысын, оқу орнына бару жол ақысын төлеу мәселелері "Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Қазақстан Республикасы Заңының нормаларымен реттеледі.

112. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне жыл сайын ұзақтығы 30 күнтізбелік күн демалыс берілді.

113. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерімен экологиялық апат аймағы деп жарияланған өңірлерде қызмет өткеріп жүрген қатардағы және басшы құрамдағы тұлғалар ұзақтығы және беру тәртібі қолданыстағы заңнамалық кесімдермен айқындалатын жыл сайынғы қосымша демалыс алуға құқықтары бар.

Жыл сайынғы демалыс алуға құқығы бар қаржы полициясы органдарының

қызметкерлеріне оны бөліп пайдалануға рұқсат етіледі.

114. Жыл сайынғы демалыс күнтізбелік жылдың ішінде жыл сайынғы демалыстар кестесіне сәйкес әрбір қаржы полициясы органдарының қызметкеріне берілуі тиіс.

115. Қаржы полициясы органдарында қызметке кірген жылғы жыл сайынғы демалыстың ұзақтығы қызметке кірген күннен басталған кезеңге әрбір толық ай үшін демалыстың он екіден бір бөлігі есебімен жұмыс істеген уақытында теңбе-тең есептеледі.

116. Қызметкердің демалыс кезеңіндегі уақытша еңбекке жарамсыздығы кезінде, жыл сайынғы демалысы (оның бөлігі) ауыстырылады немесе ұзартылады, бірақ, бұл ретте демалыс уақытына келетін күндер үшін ақшалай үлес сақталады.

Қаржы полициясы органдары қызметкерлеріне жыл сайынғы демалысқа шыққанда сауығуына арналған екі айлық лауазымдық жалақы мөлшерінде жәрдемақы төленеді.

117. Әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы негізінде қатардағы және басшы құрамдағы тұлғаларға сырқаттануы бойынша демалыс берілуі мүмкін.

Госпитальдарда, ауруханаларда, стационарларда және басқа емдеу мекемелерінде емделіп жатқан, сырқаттануы бойынша уақытша еңбекке жарамсыздық жөніндегі босату парағы негізінде, сондай-ақ отбасының ауру мүшелерін күтіп-бағуға байланысты уақытша еңбекке жарамсыздығы жөніндегі қызметтік міндеттерін босату парағы негізінде қызметтен босатылған немесе сырқаттануы бойынша демалысқа шыққан қызметкерлерге ақшалай үлес төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Қатардағы және басшы құрамдағы тұлғалардың қызметтік міндеттерін және қызметтік борышын орындау кезінде алған жарақатына, контузиясына немесе мертігуіне байланысты емдеуде болу уақыты шектелмейді. Медициналық куәландыруға аталған қызметкерлер емдеу аяқталғаннан кейін немесе аурудың беталысы анықталған жағдайда жіберіледі.

Ұзақ ауырған қатардағы және басшы құрамдағы тұлғаларды қаржы полициясы органдарының кадр бөлімшелері, егер, әдетте, еңбекке жарамсыз күндерінің саны үзіліссіз 2 айға дейін жетсе немесе жыл ішінде үзілістермен 3 айға дейін созылса, оларды емдеу-сауықтыру мекемелерінің ұсынуы бойынша қызметке жарамдылығын анықтауды медициналық растау үшін әскери-дәрігерлік комиссияға жібереді.

Қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын орындау кезінде алған жарақатына, контузиясына немесе мертігуіне байланысты емделіп жатқан қызметкерлерге ақшалай үлес емделуде болған уақытына, олар лауазымдық міндетін атқаруға кіріскенге дейін немесе қаржы полициясы органдарынан

шыққанға дейін төленеді.

Қаржы полициясы органдары кадрларының резервінде тұрған кезеңде сырқаттанып қалған қызметкерлерге ақшалай үлес төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Қаржы полициясы органдарының бала күтуі бойынша қосымша демалыстағы қызметкерлеріне, егер осы демалысқа шыққанға дейін олар осындай өтемақы алып келген болса, тұрғын-үй және коммуналдық қызметтерді ұстауға ақшалай өтемақы төленеді.

Бала күтуі бойынша демалыс аяқталғаннан кейін қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне қызметке кіріскен күнінен бастап әрбір толық қызмет айының он екіден бір бөлігі есебімен ағымдағы жылдың жыл сайынғы демалысы берілуі мүмкін.

118. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне зейнетақы тағайындау кезінде ескерілетін еңбек сіңірген жылдары үшін (күнтізбелік есеппен) қосымша ақылы демалыс беріледі:

- 1) бес күнтізбелік күн - 10 жыл қызметтен кейін;
- 2) он күнтізбелік күн - 15 жыл қызметтен кейін;
- 3) он бес күнтізбелік күн - 20 жыл қызметтен кейін.

119. Жүктілігі және босануы бойынша демалыстар, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген бала немесе қыз асырап алған әйелдерге (еркектерге) берілетін демалыстар Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңнамасына сәйкес беріледі.

Мұндай демалыстарда болудың уақыты арнайы атақтағы еңбек сіңірген мерзімге және лауазымдық жалақысына коэффициент белгілеу стажына және зейнетақы тағайындау үшін қосылады.

120. Күндізгі адъюнктурада оқитындардан немесе диссертациялық жұмысты бітіру, оқулық жазу үшін докторантурада дайындықтан өтіп жүргендерден басқа, және басқа жағдайларда қызметкерлерге ақысы төленетін шығармашылық демалыстар уәкілетті орган басшысы анықтайтын тәртіппен беріледі.

121. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне кейінге қалдыруға болмайтын әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерді шешу үшін, ең алдымен, сырқаттануына, туыстық парызын орындауға байланысты, сондай-ақ басқа да дәлелді себептер бойынша демалыс өткізетін жерге баруға және кері қайтуға жолда жүру уақыты есепке алынбастан 10 күнтізбелік күнге дейін қысқа мерзімді демалыстар беріледі. Қысқа мерзімді демалыс жыл сайынғы демалыс есебіне кірмейді.

122. Қатардағы және басшы құрамдағы әйел адамдарға жүктілігі және босануы бойынша демалысы кезінде ақшалай үлес Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен төленеді.

123. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлерін жыл сайынғы демалыстан негізсіз қайта шақырып алуға тыйым салынады. Қызметтік қажеттілік жағдайында демалыс беруге құқығы бар бастықтың жазбаша бұйрығы негізінде қызметкердің келісімімен оларды қайта шақыруға жол беріледі. Бұл ретте демалыстың пайдаланылмаған бөлігі, әдетте, қызметкердің қалауы бойынша ағымдағы жылы беріледі. Егер демалыстың пайдаланылмаған бөлігі 10 күнтізбелік күн және одан да көп болса, қаржы полициясы органдарының қатардағы және басшы құрамындағы тұлғаларына жол жүру уақыты беріледі. Қызметкердің қалауы бойынша демалыстың пайдаланылмаған бөлігі келесі жылдың жыл сайынғы демалысына қосылуы мүмкін.

124. Қаржы полициясы оқу орындарының күндізгі бөлімінің тыңдаушыларына мынадай :

- 1) ұзақтығы 14 күнтізбелік күн қысқы каникулдық демалыс;
- 2) ұзақтығы 30 күнтізбелік күн жазғы каникулдық демалыс;
- 3) ұзақтығы 30 күнтізбелік күн оқу орнын аяқтағанына байланысты демалыстар беріледі.

Қаржы полициясы органдары оқу орындарының оқу бойынша берешегі бар тыңдаушыларына каникулдық демалыс, оқу бағдарламаларымен белгіленген демалыс өткізу мерзімдерінің шегінде оны өтегеннен кейін беріледі. Бұл ретте жазғы каникулдық демалыстың ұзақтығы 15 күннен кем болмауы тиіс.

Оқу орнының күндізгі бөлімін бітіруіне байланысты бітірушілерге демалыс олар қаржы полициясы органында жеке бөлу орны бойынша лауазымға тағайындалғаннан кейін беріледі.

Қаржы полициясы оқу орындарының тыңдаушыларына жыл сайынғы және қосымша демалыстар берілмейді.

Азаматтық жоғары оқу орындарына түсушілерге түсу емтихандарын тапсыру үшін ұзақтығы 15 күнге дейін ақшалай үлесі сақталмайтын демалыс беріледі.

125. Адъюнктураға түсуші қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне түсу емтихандарына дайындалу және оларды тапсыру үшін ұзақтығы 15 күнтізбелік күн ақшалай үлесі сақталмайтын оқу демалыстары беріледі.

126. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне еңбек сіңірген жылдарына қарай лауазымдық жалақысына коэффициент белгілеуге құқық беретін жұмыс стажына қызметіндегі үзілістерге қарамастан, мыналар есептеледі :

- 1) қаржы полициясы (салық полициясы) органдарының, Ішкі істер министрлігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Қорғаныс министрлігінің оқу орындарында және Мемлекеттік кіріс министрлігінің жанындағы салық полициясы органдарының қызметкерлерін даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін жетілдіру жөніндегі курстарда оқыған уақыты;

2) қаржы полициясы, ұлттық қауіпсіздік, бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитеті, ішкі істер, прокуратура, Президенттің Күзет қызметі, кеден қызметі, Мемлекеттік өртке қарсы қызметі, Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі, Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі комитеті органдарында қызмет атқарған уақыты, сондай-ақ судья ретінде жұмыс істеген уақыты;

3) бұрынғы ССРО-ның және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде (Кеңес Армиясында және Әскери-Теңіз флотында), Республикалық ұланда, ішкі әскерлерде және Қазақстан Республикасының басқа да әскери арнаулы құрамаларында қызмет атқарған уақыты;

4) лауазымдық жалақыларына еңбек сіңірген жылдары үшін үстемақы алуға және зейнетақы тағайындауға құқық берген салық полициясы (милиция) органдарындағы жұмыс стажы;

5) 1992 жылғы 1 қаңтарға дейін Қазақ КСР-нің және Қазақстан Республикасының партия, кәсіподақ және комсомол органдарында жұмыс істеген уақыты;

6) егер олар белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының мемлекеттік билігінің орталық органдарына іссапарға жіберілген болса қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің қаржы полициясы органдарының кадрларында болған уақыты;

7) мемлекеттік қызмет стажы;

8) қаржы полициясының оқу орындарындағы профессорлық-оқытушылық құрамның лауазымындағы педагогикалық стажы.

127. Қаржы полициясы оқу орындарының қызметкерлеріне заңнамада белгіленген тәртіппен тиісті дипломы болған кезде ғылым кандидаты және ғылым докторы ғылыми дәрежелері үшін қосымша ақы белгіленеді.

128. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне мүгедектігі бойынша жәрдемақы заңнамада белгіленген тәртіппен ішкі істер органдары қызметкерлері үшін төленеді.

129. Қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің қаза табуы (қайтыс болуы) немесе мертігуі жағдайында Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес кепілдік беріледі.

130. Қаржы полициясы органдарының қайтыс болған немесе қаза тапқан қызметкерлерін және зейнеткерлерін жерлеу үшін үш айлық ақшалай үлес мөлшерінде бір жолғы өтемақы төленеді.

131. Қаржы полициясы органдары қызметкерінің қызметтік міндетін орындауға байланысты оның мүлкіне келтірілген залалдың заңнамада белгіленген тәртіппен орны толтырылады.

132. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлері қызметтік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алаңымен бірінші кезекте қамтамасыз ету құқығын

п а й д а л а н а д ы .

133. Қаржы полициясы органдарының қатардағы және басшы құрамдағы тұлғаларына және олармен бірге тұратын отбасы мүшелеріне, сондай-ақ қаржы полициясы органдарының зейнеткерлеріне медициналық және санаторлық-курорттық қызмет көрсету Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

134. Қызметтік борышын (қызметтік міндеттерін) орындау кезінде мертіккен, жарақат алған немесе ауырған және қызмет өткерудің тұрғылықты жері бойынша медициналық мекемелерде тиісті бөлімшелер, мамандар не мамандандырылған жабдықтар болмаған кезде қаржы полициясы органдарының қатардағы және басшы құрамдағы тұлғалары медициналық мекеменің жолдамасы бойынша емделуге жұмсалған шығындары тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттен өтей отырып, басқа медициналық емдеу мекемелеріне емдеуге жіберіледі.

#### **8. Қаржы полициясы органдарындағы қызметтің тоқтатылуы**

135. Қаржы полициясы органдарындағы қызметтің тоқтатылуы және қаржы полициясы органдары қызметкерлерін қызметтен шығару Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне көзделген негіздер бойынша жүзеге а с ы р ы л а д ы .

136. Оң мінездемесі, қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің қызмет мерзімін олар қызметке жарамды болған кезде қатардағы және басшы құрамдағы лауазымдарға тағайындау құқығы берілген бастықтар бес жылға дейін ұзартуы м ү м к і н .

Ерекше жағдайларда ғылыми дәрежесі немесе ғылыми атағы бар және білім мекемесінде штаттық қызметте істейтін жоғары және аға басшы құрамның тұлғаларына қызмет мерзімі осындай тәртіппен қайта бес жылға дейін ұзартылуы м ү м к і н .

Қызмет мерзімін ұзарту туралы мәселені шешу кезінде қызметкерлер олардың қызметке жарамдығын анықтау үшін міндетті түрде медициналық к о м и с с и я ға жіберіледі.

137. Қызмет мерзімі ұзарту осы Ережеде көзделген негіздер бойынша қызметкерді қаржы полициясы органдарынан шығару мүмкіндігін жоққа ш ы ғ а р м а й д ы .

138. Қатардағы және басшы құрамдағы қаржы полициясы органдары қызметкерлерін шығару оларды тағайындауға құқылы бастықтардың б ұ й р ы қ т а р ы м е н жүргізіледі.

Егер қызметтен шығару күні бұйрықта көрсетілмеген болса бұйрыққа қол қойылған күн қызметкердің қызметтен шығу күні болып саналады.

139. Заңның 16-бабы 2-тармағының 8), 9), 10), 11) тармақшаларына сәйкес

қызметтен шығарылған қатардағы және басшылық құрамдағы тұлғалар тозуын ескере отырып өздеріне берілген киімдердің құнының орнын толтырады.

140. Заңның 16-бабы 2-тармағының 8), 9), 10), 11) тармақшаларына сәйкес шығарылатын қызметкерлерді қоспағанда, қаржы полициясы органдарының қызметкерлері алдағы уақытта қызметтен шығатындықтары туралы тікелей бастықтарын немесе кадрлық бөлімшелерін алдын-ала, қызметтен шығудан бір айдан кешіктірмей, жазбаша түрде хабардар етеді.

141. Қаржы полициясы органдарының қызметтен шығарылған қызметкерлеріне :

1) босатылған күнінде лауазымда болғандарға - қызметтен шығару туралы бұйрыққа сәйкес шығарылған күнін қоса;

2) оқу орындарының тыңдаушыларына - оқу орындарының ауысу құрамы тізімінен алынып тасталған күнін қоса;

3) қызметтен шығарылған күні қаржы полициясы органдары кадрларының резервінде тұрғандарға - қызметтен шығару туралы бұйрыққа сәйкес қызметтен шығарылған күнін қоса ақшалай үлес төлеу жүргізіледі.

142. Қаржы полициясы органдарының қайтыс болған (қаза тапқан), белгіленген тәртіппен хабарсыз кеткен ретінде танылған қызметкерлері қаржы полициясы органы немесе мекемесі басшысының бұйрығымен қаржы полициясы органдарының қызметкерлері тізімінен алынып тасталады.

## **9. Қаржы полициясы органдарындағы лауазымда, арнайы атақта және қызметте қалпына келтіру**

143. Белгіленген тәртіппен қызметте заңсыз ауыстырылған, атқарып отырған лауазымынан босатылған не лауазымы төмендетілген, арнайы атақтан айрылған не арнайы атақтан төмендетілген, сондай-ақ қаржы полициясы органдарынан шығарылған деп танылған қаржы полициясы органдарының қызметкерлері қаржы полициясындағы тиісінше лауазымда, арнайы атақта қызметінде қалпына келтіруге жатады.

144. Қаржы полициясы органдарындағы лауазымда, арнайы атақта қызметінде қалпына келтіру үшін қызметтік тергеу нәтижелері бойынша қорытынды немесе соттың күшіне енген тиісті шешімі негіздеме болып табылады.

145. Заңсыз шығарылған және қаржы полициясы органдарындағы қызметіне қайта алынған қызметкерлерге шығарылған сәтінен қайта алу туралы бұйрыққа қол қойылған күнге дейінгі уақыт кезекті арнайы атақ беру, лауазымдық жалақысын есептеу жөніндегі коэффициентті белгілеу және зейнетақы тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарын есептеу кезінде ескерілетін үзіліссіз қызмет стажына есептеледі.

Соттың айыптау үкімі заңды күшіне енуіне байланысты қызметтен

босатылған, ал одан соң заңнамада белгіленген тәртіппен ақталған, сондай-ақ қызметінен заңсыз ауыстырылған, лауазымы немесе арнайы атағы төмендетілген, органдардан шығарылған қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне келтірілген залалдың орнын толтыру заңнамаларға сәйкес жүзеге асырылады.

146. Қызметін ауыстыру, лауазымын төмендету, арнайы атағын төмендету, қаржы полициясынан шығару туралы заңды бұза отырып шешім қабылдаған немесе лауазымын, арнайы атағын, қаржы полициясы қызметіне қалпына келтіру туралы шешімінің орындалуын кідірткен қаржы полициясы органдарының лауазымды тұлғасы тәртіптік жауапкершілікке тартылады және заңнамада белгіленген тәртіппен қызметінен заңсыз немесе негізсіз ауыстырылу, лауазымы төмендетілу не арнайы атағы төмендетілу, қаржы полициясы органдарынан шығарылу себебінен жүргізілген қызметкерге төлемдер төлеуге байланысты қаржы полициясына келтірілген залалдың орнын толтырады.

#### **10. Қаржы полициясы органдарында қызмет өткерудің өзге де шарттары**

147. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Қорғаныс министрлігінің, Ішкі істер министрлігінің, Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің, Әділет министрлігі қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің, кеден қызметі, прокуратура органдарының қаржы полициясы органдарына қызметке кірген әскери қызметшілері мен қызметкерлеріне олар басшы құрамның тиісті лауазымдарына тағайындалғаннан кейін, әскери және арнайы атақтары ескеріле отырып, қаржы полициясының арнайы атақтары беріледі. Қаржы полициясындағы еңбек сіңірген жылдары, олардың запаста болған мерзімдерін қоспағанда, әскери және еңбек қызметіне байланысты үзілістеріне қарамастан, әскери және арнайы атақтар, сыныптық шендер берілу көзделетін лауазымдарда жұмыс істеген уақыты ескеріліп есептелінеді. Оларға әскери және еңбек қызметіне байланысты үзілістеріне қарамастан, әскери және арнайы атақтар берілу көзделетін лауазымдарда жұмыс істеген уақыты ескеріліп қаржы полициясы органдарында қызмет сіңірген жылдары есептелінеді.

148. Қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің соғыс уақытында және төтенше жағдайлар енгізілген жерлерде қызмет өткеру ерекшеліктері заңнамаға с ә й к е с а й қ ы н д а л а д ы .

149. Қаржы полициясы органдарында қызмет өткеруге тікелей бақылауды белгіленген өкілеттер шегінде қаржы полициясы органдарының, оқу орындарының және өзге де ведомстволық бағыныштағы мекемелердің басшылары жүзеге асырады.



